

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 1701 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 6 мамыр N 679. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.10.17. N 1041 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтан зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындаудың және төлеудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 1701 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 52, 481-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтан зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындаудың және төлеудің тәртібі туралы е р е ж е д е :

17-тармақтағы екінші сөйлем алынып тасталсын;

18 - т а р м а қ т а :

"аудандық коэффициенттер" деген сөздің алдынан "бұрын" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

екінші және үшінші абзацтар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі*